

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі N 387 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 қыркүйектегі N 846 Қаулысы

"Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі N 387 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., N 22, 205-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ережеде:

10-тармақта "дәрменсіз борышкерді соттан тыс тарату рәсімінде" деген сөздер алынып тасталсын;

1 1 - т а р м а қ т а :

1) тармақшада "дәрменсіз борышкерді соттан тыс тарату рәсімінде" деген сөздер алынып тасталсын;

58) тармақшада "және дәрменсіз борышкерді таратудың соттан тыс рәсімінде" деген сөздер алынып тасталсын;

59) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"59) мониторинг, оның ішінде борышкерден оның қаржы-шаруашылық қызметіне қатысты ақпарат пен құжаттарды талап ету жолымен;"

98) тармақша сол күйінде қалдырылсын;

99) тармақшада "және соттан тыс тарату рәсімінің" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 103-1) тармақшамен толықтырылсын:

"103-1) сотқа сыртқы байқау рәсімін енгізу туралы іс қозғау туралы өтінішпен жүгіну;"

1 0 6) т а р м а қ ш а д а :

"немесе кредит берушілерді соттан тыс тарату рәсімін жүргізу туралы шешім қабылданғанға" деген сөздер алынып тасталсын;

"немесе соттан тыс тарату рәсімін жүргізу туралы шешім қабылдағаннан" деген сөздер алынып тасталсын;

1 0 7) т а р м а қ ш а д а :

"өтініш беру" деген сөздер алынып тасталсын;

"басқарушы" деген сөз "басқарушылар" деген сөзбен ауыстырылсын;

"сотқа" деген сөзден кейін "өтініш бере алады" деген сөздермен толықтырылсын;

113) және 115) тармақшалар алынып тасталсын;

152) тармақшада "және", "таратудың соттан тыс рәсімінде" деген сөздер алынып тасталсын;

154) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"154) борышкердің мүлкін (активтерін) сату жөніндегі сауда-саттықтың жүргізілу тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асыру;"

160) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"160) Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасының бұзылғандығы анықталған жағдайда, тексеру актісінде көрсетілген нәтижелердің негізінде мұндай бұзушылықтарды жою мерзімін көрсете отырып, сыртқы байқау әкімшісіне (оңалтуды немесе конкурстық басқарушыға) ұсыныстар енгізу;

мынадай мазмұндағы 160-1) тармақшамен толықтырылсын:

"160-1) хаттамалар жасау және банкроттық саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен әкімшілік жаза қолдану туралы істерді қарау;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов